

FTAMP 16.01.07

М.Д. Атакеева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелең қ., Қаскелең

## ТУЫНДАУШЫ ГРАММАТИКА ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ МЕҢГЕРТУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада тілді шет тілі ретінде оқытуда қолданылатын туындаушы грамматика теориясының қалыптасуы, туындаушы грамматиканың тілдің ішкі және сыртқы құрылымы мен байланысы, туындаушы грамматика теориясын қазақ тілінің лексикалық қабатын өзге ұлт өкілдеріне меңгертудегі маңызына тоқталған.

Туындаушы грамматика теориясының негізін салған американ психолінгвисті Н.Хомский еді. Туындаушы грамматика – кең мағынадағы «грамматика» ұғымымен сәйкес келеді. Тілдік бірліктердің механикалық реттіліген сақтай отырып, сөздерден күрделі композиталық бірліктер құрастыруды мақсат етеді.

Туындаушы грамматиканың негізгі заңдылықтарына төмендегі қағидалар жатады: 1.Тілдерді үйренудің ортақ, әмбебеп заңдылықтары бар. Өйткені кез-келген тілде бастауыш пен баяндауыштың болары сөзсіз. Тіл үйренуші нысанға алынған тілдің структуралық ерекшелігін біліп алуы маңызды. Шектеулі сөздер арқылы шексіз сөйлемдер құрастыру. Бұл қағида бойынша адам санасында жатқан бір ұғымды бір неше формада сыртқа шығара алады. Ой тереңінде жатқан ұғым – тілдің ішкі құрылымы, сөйлесім әрекетімен жарыққа шыққан тілдік бірліктер – тілдің сыртқы формасына жатады. Тілдің ішкі құрылымында жатқан ой сыртқы құрылымға трансформацияланады.

**Кілт сөздер:** туындаушы грамматика, тілдің ішкі құрылымы, тілдің сыртқы құрылымы, ұғым, мағына, трансформация, шектеулі сөзер, шексіз тіл бірліктері, шетелдік.

\*\*\*

**Аннотация.** В этой статье описывается роль порождающей грамматики в преподавании казахского языка как иностранного, внутренняя и внешняя структура языка, а также важность порождающей грамматики казахского языка в преподавании лексического слоя казахского языка для других национальностей.

Американский психолінгвист Н. Хомский был основоположником теории порождающей грамматики. Порождающая грамматика - совпадает с широким смыслом «грамматики». По мнению Н.Хомского, язык – это не набор единиц языка и их классов, а механизм, создающий правильные фразы.

Основные принципы порождающей грамматики следующие: 1) Языки имеют общие, универсальные законы. Потому что в каждом языке есть подлежащее и сказуемое. Для изучающего важно понимать структурные особенности языка. Система правил существует как способность породить и понимать бесконечное число предложений. Трансформационный анализ определяется как анализ синтаксических структур при помощи их преобразования из поверхностных в глубинные. Хомский полагал, что в основе механизма порождения фраз лежит перевод глубинных структур в поверхностные. Глубинная структура формирует смысл предложения, а поверхностная - является звуковым воплощением этого смысла.

**Ключевые слова:** порождающая грамматика, глубинная структура языка, поверхностная структура языка, смысл, значение, ограниченные слова, бесконечное число предложений, иностранец.

\*\*\*

Abstract. This article describes the role of the generative grammar in teaching Kazakh as a foreign language. Additionally, it studies the importance of the internal and external structures of generative grammar in teaching the lexical layer of the Kazakh language for other nationalities. The American psycholinguist N. Chomsky was the founder of the theory of generative grammar. Generative grammar - coincides with the broad meaning of "grammar". According to N. Chomsky, a language is not a set of units of a language and their classes, but a mechanism that creates correct phrases.

The following basic principles of generating grammar: language have general and universal laws, because in every language there is subject and predicate. For a learning language, it is important to understand the structural features of the language. The system of rules exists as the ability to generate and understand an infinite number of sentences. Transformational analysis is defined as the analysis of syntactic structures by transforming them from surface to deep ones. Chomsky believed that the mechanism for generating phrases is the translation of deep structures into surface ones. The deep structure forms the meaning of the sentence, and the surface structure is the sound embodiment of this meaning.

**Key words:** generative grammar, deep structure of language, surface structure of language, meaning, limited words, infinite number of sentences, foreigner.

Халықаралық қатынастар, бизнес және туризм, әлемдік экономика мен саясат, білім мен ғылым саласы, озық технология, құқық пен мәдениет салаларындағы халықаралық қарым-қатынастар қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға жол ашты. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту – тіл үйренушінің жалпы дамуын ғана жетілдіріп қоймайды, оны өзін қоршаған

айналасындағы адамдармен қарым – қатынас мәдениетіне де үйретеді. Тілді шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту процесі лингвистикалық қағидаларды басшылыққа ала отырып, психология мен әдістеме саласының теорияларына сүйенеді.

Тіл мен ойлау, ойлау мен сөйлеу – психикалық категориялар болып табылады. Бұл категориялар шет тілін меңгеру процесінде маңызды қызмет атқарады. Тілдің қоғамда атқаратын сигнификативті қызметі де тіл мен ойлаудың байланысынан туындаған.

Тілді шет тілі ретінде оқытудың тиімді психолингвистикалық әдістерінің бірі – туындаушы грамматика (трансформативті-генеративті, универсалды грамматика, әмбебап грамматика) әдісі. Туындаушы грамматика әдісінің ең алғаш теориясын ұсынған – Ноам Хомский еді. Н.Хомский тіл дегеніміз – тілдік бірліктердің жиынтығы емес, тіл – тілдік дұрыс фразаларды тудыратын механизм екендігін айтты. Н.Хомскийдің туындаушы грамматика теориясы - грамматикалық сөйлем түзетін құрылымдардың комбинацияларын беретін жүйе. Туындаушы грамматика - механикалық ретте туындаған бір модельдің құрылуын ұсынады. Мысалы, *Кешкі асқа «Ханшайым» салатын әзірледім* деген сөйлемнің механикалық реттілігі дұрыс құрастырылған. Бұл сөйлемнің орнына *Кешкі әзірледім асқа салатын «Ханшайым»* дейтін сөйлем алсақ, механикалық реттілігі бұзылған сөйлем мағынасын ұғар едік. Келтірілген сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің орны ауысып кеткен. Сөйлемнің ұғымдық механикасы қате құрастырылған. Яғни, сөйлемде тұрлаулы мүшелер мен ойға қажетті сөздердің болуы және олардың белгілі бір ретсіз жиынтығы дұрыс мағынаны бере алмайды. Демек, шет тілінде сөйлем құрастыруды үйрету барысында ұғымдық және формалық жағынан механикалық реттілікке назар аударуымыз қажет.

Н.Хомскийдің теориясы төмендегі сұрақтарға жауап іздеу мақсатымен қалыптасқан.

1. Адамдар тілді қалай үйренеді?
2. Адамзат баласы дүниедегі кез-келген тілді үйрене ала ма?/ Барлық тілді үйрену мүмкін бе?
3. Адам миында тіл үйренудің ерекше құрылғысы бар ма? [1]

Сәби өзіне тән тілді меңгеру механизмдері арқылы дүниеге келеді. Бұл механизмді кез-келген басқа органмен салыстыруға болады. Бұл балаға берілген биологиялық қасиет. Туғаннан берілген тіл үйрену қабілеті баланың қоршаған ортадан естігендері арқылы сөйлеу процесін жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Енді тілі шыға бастаған сәби алғашқы сәттен-ақ, қай сөйлемдердің мағыналы және қай сөйлемдердің мағынасыз екендігін іштей сезеді. Бұл адам тілінің тума пайда болған *a priori* қабілеті [2]. Априорлық білім, априорлық таным — өмір тәжірибесіне тәуелсіз, оған дейін танылатын ұғымды, түсінікті, мағлұматты білдіретін философиялық термин [3]. Әрбір тұлға анық көрінбейтін интуитивті тіл

біліміне ие. Интуитивті тіл білімі – «бала тілінің дамуы», «тілдік қабілет», «тілдің сезінуі» ұғымдарымен байланысты. Тілдік интуиция алдымен ана тілін меңгеру, одан кейін шет тілін меңгеру үдерістерінде маңызды қызмет атқарады. [4]Тұлғадағы аталмыш білім сөйлесім әрекетінің контексті арқылы көрініс табады:

А: Самат не үшін сабаққа келмеді?

В: Ағасы үйленіп жатыр.

Жеке-жеке алып қарастырар болсақ, А-ның қойған сұрағына, В-ның сөйлемін жауап ретінде қабылдай алмаймыз. Алайда, адам санасында (А коммуниканттың) орын алатын интуитивті тіл білімі *Саматтың ағасы үйленіп жатыр. Саматтың үйінде той болып жатыр. Сондықтан Самат сабаққа келе алмайды* деген ұғымдарды түсіндіреді.

Н.Хомский бала тілінің қалыптасуына байланысты мынадай аргументтерді келтірген:

- Балалар тек соңғы сандарды (сөздерді) естиді.
- Балалар тілдік ережелер мен принциптерді абстарктілендіре алады.
- Балалар ешқандай ресми дайындықсыз сан жағынан шектеусіз сөйлемдер құрастыра алады.
- Бейграмматикалық кірістіруден – грамматикалық қолайлылық туындатады [1].

Мысалы, 1,5 жастағы Санжар атты бала өзінің Гера (Әйгерім) әпкесін Гага түрінде айтады. Гера есімінің соңғы *ра* буынын қайталанатын *га* буынына ауыстырып, өзінің сөйлеуіне қолайлылық туындатқан.

- Балалар тілдің әр түрлі аспектілерін өте ұқсас тәртіпте меңгереді. Мысалы, кез-келген сөзге белгілі бір қосымшаны қоса береді.

Н.Хомский әрбір адам миында тілдерді меңгеру құрылғысы болатындығын айтады. ТМҚ (Тіл меңгеру құрылғысы) - Жалпы грамматикалық ережелер жиынтығы – Ол «туындаушы грамматика» (жалпы сөйлеу процесін қамтамасыз етеді) процесін іске асыруға көмектеседі.

Туындаушы грамматика бір тілдегі шектеулі сөздердің көмегімен шексіз комбинацияны көрсетуге қызмет етеді. Бірақ бұл комбинациялар арқылы құрастырылған сөйлемдердің барлығы да мағыналы бола бермейді. Француз тілшісі Ронаттың Н.Хомскиймен сұхбатында «Chloe», «Jules», «Loves» сөздеріне құралған тілдік үлгі туралы айтады. Хомскийдің айтуынша, бұл тілде сөйлейтіндер, сөздердің қайталанбастан белгілі бір комбинациялардың тілге тән екендігін «өздігінен» анықтайды.

+ *Chloe Loves Jules*

- *Chloe Jules Loves*

- *Jules Chloe Loves*

+ *Jules Loves Chloe*

- *Loves Chloe Jules*

- *Loves Jules Chloe*

+ - *тілге тән белгі*

- - *тілге тән емес белгі*

Бұл үлгіде «саны» шектеулі сөздің ерекше комбинацияларымен бір-бірінен ерекше мағыналы немесе мағынасыз сөйлемдер туындауы мүмкін. Бірақ бұлардың үлкен бөлімі (үлгіде 4/6 – і ) мағынасыз. Грамматика арқылы туындаған сөйлем грамматикалық болып табылса да, мағынасы болмауы мүмкін. Н.Хомский бұл сөздерді әйгілі фразамең түсіндіреді: «*Colorless green ideas sleep*» («*Түссіз жасыл пікірлер ұйықтайды*»). Бұл сөйлем «грамматикалық дұрыс» құрастырылған болса да, тұтастай түсініксіз. Бұған сәйкес, «*Furiously sleep ideas green colorless*» сөйлемі грамматикалық әрі мағыналық тұрғыдан түсініксіз. Демек, сөйлемнің өн бойындағы мағына мен грамматикалық құрылым өздеріне тән ережелер арқылы ерекшеленіп тұрады [2].

Әрбір тұлға санасындағы тілдік қабілеттерге тән тума қабілеттерінен пайдалана отырып, дерексіз ережелерге сәйкес тілді үйренеді. Ана тілінде сөйлейтін кісі шектеулі сөздермен шексіз сөйлем құрастыра алады. Бұл өз кезегінде сөйлесім әрекетінен көрініс табады. Адам сөйлесім әрекеті үстінде санасындағы барлық сөздерді қолданбаса да, бір-бірлерін түсіне алады. Сөздер – адам санасында сақталады. Адам санасы коммуникация барысында тілдік бірліктерді көріп сүзгіден өткізе алатындығы үшін адамдардың бір-бірімен сөйлесе алуына мүмкіндік тудырады.

Тілді қолданушы тілдік туындаулардан қайсысы сөйлесім әрекеті үшін тиімді екенін іштей сезеді. Қазақ тілінде сөйлей алатын адам х-тың грамматикалық тұрғыдан дұрыс у-тің қате қолданыс екендігін іштей сезеді.

Х: Мен оны жақсы көремін.

У: Ол мені жақсы көремін.

Тұлға «бір ұғымды» білдіретін түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді орынды қолдана алады. Бұл процесс сана және ішкі түйсіну әрекеттері арқылы іске асады.

1. Бүгін келе алмаймын деді.

2. Бүгін келе алмайтындығын айтты.

3. Айтқанына қарағанда бүгін келе алмайды.

Туындаушы грамматика барлық тілдерді үйренуде жалпы және әмбебап қағидаларды басшылыққа алады. Мысалы, барлық тілдерде субъект және предикаттың болуы тілдерге тән әмбебап құбылыс. Бұл әмбебаптық сөйлемде орналасу жағынан ерекшеленеді. Мысалы:

*Әпкем өткен жылы Лондонға барды.*


*My sister went to London last year.*

Қазақ және ағылшын тілінде аудармалары бірдей сөйлемдердің баяндауыштары мен тұрлаусыз мүшелерінің орналасуында айырмашылық бар. Осы сияқты тілдердің құрылымдық ерекшеліктерін

меңгерген адам, нысанға алған шет тілін де еркін меңгере алады. Н.Хомский негізінен тіл үйренушілер сөздердің лексикалық мағыналарын ғана меңгеруі керек екенін анықтады. Синтаксистік функция автоматты түрде дамитындығын айтады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы да адам санасындағы интуитивті тіл білімі арқылы іске асады. Ал интуитивті тіл білімі санадағы терең құрылым және ішкі құрылыммен байланысты. Н.Хомскийдің «туындаушы грамматика» теориясы тілдің «терең құрылымы» және «сыртқы құрылымына» негізделеді. Терең құрылым адам санасының ең тереңінде жатады. Сондай-ақ, сөйлесім әрекетінде көрініс табатын, синтаксисті семантикалық тұрғыдан түсіндіретін құрылым. Сыртқы құрылым - ішкі құрылымның әр түрлі өзгерістері арқылы сыртқа көрінетін формасы. Н.Хомский ішкі және сыртқы құрылым айырмашылықтарын Порт-Рояль мектебінің «үкім» және «ұсыныс» терминдерінің айырмашылықтарына сүйене отырып түсіндірген. «Үкім» сөзі – санадағы абстарктілі ұғым. Ал «ұсыныс» сөзі санадағы «үкім» сөзінің – сыртқы құрылымдағы көрінісі. Терең құрылым мен ішкі құрылым элементтері арасында параллелизм орын алуы мүмкін. Коммуникация – адресанттың белгілі бір код арқылы адресатқа берілген ақпараттар жиынтығы. Мұндағы «код» тілдік көрсеткіштерге сәйкес келеді. Терең құрылым дерексіз процесстер арқылы сыртқы формаға трансформацияланады. Трансформация терең және ішкі құрылымның айырмашылықтарын ажыратып бере алғанымен, сөз мағынасын өзгертпейді. Терең құрылым арқылы ғана санадағы сөз сыртқы құрылымға айналады. Н.Хомскийдің айтуынша, трансформация екі сөйлемнің немесе екі сыртқы құрылым арасындағы байланыс емес. Шексіз сөйлемдерді анықтау мәселесі құрылымдық анықтамаларға берілген ережелер ішіндегі қағидалар еншісінде. Сондықтан трансформациялық ережелердің міндеті, санадағы тілдік бірліктерді және құрылымдарды сыртқы құрылымға шығару болып табылады. Мысалы, Әлидің университет бітіргеніне қуанған бір адамның ішкі сезімдерін жеткізген сөйлемдерге тоқталайық: «Әли университетті бітірді» және «Мен қуаныштымын» сияқты түрлі терең құрылым сөйлемдерімен өз пікірін растайды. Бірақ бұл құрылымдар, лингвистикалық бірліктерге айналғанда бірінші сөйлемдегі терең құрылым трансформация ережелеріне сай ішкі сөйлемге айналып, екінші сөйлемнің ішіне орналасады. «Мен (Әли университетті бітірді) қуаныштымын» сөйлемін трансформациялады. Трансформация нәтижесінде «Мен Әлидің университетті бітіргеніне қуандым» немесе жасырын «Әлидің университет бітіргеніне қуандым» деген сыртқы құрылым пайда болады. Трансформациялану кестесіне назар аударайық:

1-кесте. Ұғымның сыртқы формаға трансформациялану кестесі



Диаграммадан байқағанымыздай, терең құрылымдарды трансформациялайтын конверсия іске қосылады. Терең құрылымдарды трансформациялау арқылы сыртқы құрылымдарға түрлендіреді. Сыртқы құрылымда сөйлемнің екі компоненті болады. Логикалық нысан компоненті грамматикалық құрылыммен анықталған шектеулі мағынаны көрсету болып табылады. Яғни, беткі құрылымдағы семантикалық бөлікке жауап береді. Аудио презентация бөлімі сыртқы құрылымның айтылуы мен естілуін қамтамасыз етеді. Байланыс кезінде сыртқы құрылымдағы терең құрылымның іздері сөзді саналы түрде түсінуге көмектеседі. Н.Хомскийдің айтуынша, құрылымдардың аудио презентациясы болмаса да саналы түрде сөздерді түсіне аламыз. Бұл өз кезегінде тиімді коммуникацияны қалыптастырады. Бірақ бұл процесс тілдік қабілетке негізделген күрделі тілдік дағдылардың айырмашылықтарын ескермей (бейсаналы түрде), жылдам түрде жүзеге асырады.

Туындаушы грамматика – белгілі бір механизмдер арқылы туындайтын синтаксистік бірліктерді нысанға алады. Шет тілін үйренуші алдымен жекелеген сөздердің лексикалық мағынасын меңгереді. Өздері білетін сөздерді басқа сөздермен байланыстыра алатын болады. Сөз тіркестерін құрастыра алатын шетелдік қарапайым сөйлемдерді құрастыруға көшеді. Қарапайым сөйлемдерден күрделі жай сөйлемдер, құрмалас сөйлем т.б. құрастыруды үйренеді. Мысалы, А1 лексикалық минимумындағы түс атаулары лексика-семантикалық тобына жататын «қызыл» сөзін алайық.

1. Қызыл жейде.
2. Қызыл жейде сыйладым.
3. Мен досыма қызыл жейде сыйладым.
4. Мен досымның туған күніне қызыл жейде сыйладым.
5. Кеше досымның туған күні болды, мен оған қызыл жейде сыйладым.

Алынған композиталарды жоғарыдан төмен қарай ықшамдауға болады.

1. Кеше досымның туған күні болды.

Досымның туған күні болды.

Кеше туған күн болды.

Туған күн болды.

Кеше болды.

Досымның туған күні

Туған күн

күн

1. Мен оған қызыл жейде сыйладым.

Мен қызыл жейде сыйладым.

Оған қызыл жейде сыйладым.

Қызыл жейде сыйладым.

Мен сыйладым.

Оған сыйладым.

Қызыл жейде.


Жейде

Жоғарыда көрсетілгендей жай сөйлемдерден жеті композита шығардық. «Қызыл» деген сөзден бастау алған синтаксистік туындаулар «күн» және «жейде» сөздеріне акцент қоюмен аяқталды. Бұл тіл үйренушінің лексикалық қорын байытады. Туындаушы грамматика арқылы лексикалық минимумды меңгертудің бір тәсіліне сөзжасамдық жұрнақтарды жатқызамыз. Тілімізде сөзжасамдық жұрнақтар өте көп. Соның ішінде коммуникация барысында көп қолданылатын, қарапайым деңгейдегі тіл үйренуші үшін жеңіл, өнімді –шы, -ші жұрнағын алайық: -шы, -ші жұрнағы түбір сөзге жалғанып, сөзге кәсіп пен мамандық мәнін үстейді. Мысалы, балық+шы, етік+ші, ән+ші т.б. Тіл үйренуші осы жұрнақ жалғанған сөзді көрсе, оның адамға қатысты айтылып жатқандығын бірден ұғады.

Туындаушы грамматика теориясы бойынша тіл үйренушілерге эксперимент жүргіздік. Экспериментке 18-23 жас аралығындағы орыс, тәжік, кәріс, монғол, ұйғыр, әзірбайжан, саха, түрк, түрікмен, татар елінің азаматтары қатысты. Информанттардың тілдік деңгейі – А2. Экспериментке қатысушылар саны – 24. Информанттарға «ақ» сөзі берілді. Берілген сөзден сөз тіркесін (2 сөз), күрделі сөз тіркесін (3 сөз), жай сөйлем (4 сөз), күрделі жай сөйлем (5 сөз) құрастыру керек еді. Нәтиже төмендегідей:

1. Ақ ат, *ақ жан* сияқты т.б. және қайталанған жалпы саны – 216 сөз тіркесін жазған.
2. Әкемнің ақ аты, *інімнің ақ жаны* т.б. жалпы саны – 206 күрделі сөз тіркесін туындатқан.
3. Әкем ақ атын жақсы көреді. *Інімнің ақ жанын сүйемін.* т.б. және қайталанатын жалпы саны – 193 жай сөйлем құрастырған.

4. Құдалар әкем ақ атын жақсы көреді. Мен інім ақ жанын сүйемін.  
т.б.183 күрделі жай сөйлем құрастырған.  
2-кесте. Эксперменттің пайыздық көрсеткіші



Байқағанымыздай, дара композиталардан күрделі композиталарды туындату деңгейі жоғарылаған сайын, күрделі композиталар саны азайған. Эксперимент нәтижесі бойынша шетелдіктер 70 пайыз лексикалық минимумды есте сақтаған. Талдау жұмыстарын жүргізу үшін саха ұлт өкілінің тілдік бірліктерін мысал ретінде таңдадық. Қазақ тіліндегі «көңіл» сөзінің баламасы «жан» екендігін ұқтық. Тіл үйренушіге қазақ тіліндегі «көңіл» және «жан» сөздерін түсіндірдік. Контекстік мағынасын айқындадық. Нәтижеде, тіл үйренуші «ақ», «іні», «жан», «көңіл» сөздерін меңгерді. *Әкем ақ атын жақсы көреді* деген сөйлемнен *Әкесі өзінің атын жақсы көретіндігін* түсіндік. Күрделі композитаға ауысу барысында сөйлем өзінің мәнінен ауытқып кеткен. *Құдалар әкем ақ атын жақсы көреді*. Алғашқы сөйлемде субъект мәнінде жұмсалған сөз, екінші сөйлемде атрибутивті қатынасқа ауысып трансформацияланды. Бұндай тілдік трансформациялар сол ұлтқа тән тілдік сана және танымға байланысты іске асады.

Қорыта айтқанда, туындаушы грамматика – сөздердің механикалық реттілігі арқылы дұрыс синтаксистік бірліктерді құрастырады. Туындаушы грамматиканың негізгі қағидалары:

Сан жағынан шектеулі сөздер арқылы шексіз сөйлемдер құрастыру;

Барлық тілдерді үйренуге болады. Өйткені тіл үйрену заңдылықтары әмбебап деген қағидаға сүйенеді. Туындаушы грамматика тілдік бірліктерді тілдің терең құрылымы және тілдің сыртқы құрылымы арқылы жарыққа шығарады. Тілдің терең құрылымында орналасқан ұғым, сыртқы формада бір неше нұсқада көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 [https://www.slideshare.net/memokuller/universal-grammar-14101568?from\\_action=save](https://www.slideshare.net/memokuller/universal-grammar-14101568?from_action=save)

2 <http://dergipark.gov.tr/download/article-file/269409>

3 <https://kk.wikipedia.org/>

4 [dic.academic.ru](http://dic.academic.ru)